

Түпкілікті тұтыну әдісімен жалпы ішкі өнім

Жариялау күні: 30.04.2026
Келесі жариялау күні: 13.07.2026

- [1. Негізгі тұстары](#)
- [2. Тұтыну компоненттері бойынша ЖІӨ](#)
- [3. Глоссарий](#)
- [4. Әдіснамалық түсіндірмелер](#)
- [5. Қатысты жарияланымдарға сілтемелер](#)
- [6. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі бөлім

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы түпкілікті тұтыну әдісімен Жалпы ішкі өнім көлемі 155236223,7 млн. теңгені құрады.

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ЖІӨ нақты мәнде 6,5%-ға өсті.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өндіріс әдісімен ЖІӨ 159583750,7 млн. теңгені құрады.

Өндіріс және түпкілікті тұтыну әдістерімен ЖІӨ арасындағы статистикалық алшақтық 4347527 млн. теңгені немесе ЖІӨ-нің 2,7%-ын құрады.

2. Тұтыну компоненттері бойынша ЖІӨ

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ


	Ағымдағы бағада, млн. теңге	Өткен жылға, пайызбен		Қорытындыға пайызбен
		нақты көлем индексі	дефлятор	
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	105 045 369,9	107,3	110,9	67,7
үй шаруашылықтарының	88 162 257,5	108,1	111,4	56,8
мемлекеттік басқару органдарының жеке тауарлар мен қызмет көрсетулерге	16 498 041,7	103,4	108,2	10,7
көрсетулерге	8 500 990,2	100,2	107,5	5,5
ұжымдық қызмет көрсетулерге	7 997 051,5	107,0	108,9	5,2
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың	385 070,7	105,5	112,4	0,2
Жалпы қорланым	45 016 860,6	112,2	107,2	29,0
негізгі капиталдың жалпы қорланымы	39 170 101,3	110,4	106,0	25,2
материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруі	5 846 759,3	-	115,6	3,8
Таза экспорт	5 173 993,2	-	-	3,3
тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	47 092 760,9	101,9	109,2	30,3
тауарлар мен қызмет көрсету импорты	41 918 767,7	109,0	110,8	27,0
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	155 236 223,7	106,5	109,3	100,0
Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	159 583 750,7	106,5	109,7	-
Статистикалық алшақтық*	4 347 527,0	-	-	-

*Статистикалық алшақтық бұл өндірісәдісімен және түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім арасындағы айырмашылық.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ құрылымында түпкілікті тұтыну компоненттері бойынша түпкілікті тұтынуға шығыстардың үлесі 67,7%, жалпы қорланым – 29%, таза экспорт – 3,3% құрады.

Тұтыну компоненттері бойынша ЖІӨ құрылымы

пайызбен




Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтыну шығыстарының 8,1%-ке, мемлекеттік басқару органдарының шығыстарының 3,4%-ке және үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың 5,5%-ке өсуі есебінен түпкілікті тұтыну шығыстарының компоненті нақты мәнде 7,3%-ке өсуі байқалады.

Негізгі капиталдың жалпы қорланымы өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 10,4%-ды құрады.

Түпкілікті тұтыну әдісімен компоненттердің ЖІӨ НКИ

өткен жылға пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ, ағымдағы бағаларда](#)

[Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ құрылымы](#)

[Түпкілікті тұтыну компоненттері бойынша ЖІӨ НКИ](#)

[Түпкілікті тұтыну компоненттері бойынша ЖІӨ дефляторы](#)

3. Глоссарий

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын Ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің ЖІӨ-нің жалпы мәніне әсер ету шамасы.

Түпкілікті тұтыну – жекелеген үйшаруашылықтары немесе жалпы қоғам олардың жеке немесе ұжымдық қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыру үшін толығымен пайдаланған тауарлар мен қызметтерді тұтыну.

Жалпы қорланым – негізгі капиталдың жалпы қорланымының, материалдық айналым құралдары қорлары өзгеруінің және олардың шығуын шегергендегі құндылықтарды сатып алудың жалпы құны.

4. Әдіснамалық түсіндірмелер

Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім барлық экономикалық секторлардың түпкілікті тұтынуға, жалпы қорланымға және таза экспортқа жұмсаған шығыстардың сомасы болып табылады.

5. Байланысы бар басылымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен ЖІӨ](#)

[Табыстар әдісімен ЖІӨ](#)

[Жалпы өңірлік өнім](#)

[Қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

[Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ереже](#)

[Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі](#)

[Тұрғын үй рентасын бағалау әдістемесі](#)

[Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымы несепке алу әдістемесі](#)

[Екінші деңгейлі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Орталық Банк қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесі](#)

[Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)

[Ағымдағы және тұрақты бағаларда түпкілікті тұтыну әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі](#)

[Материалдық айналым құралдары қорларының өзгеруін есепке алу әдістемесі](#)

[Капиталмен жасалатын операциялар шотын құру әдістемесі](#)

[Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары, сапа жөніндегі есеп, 2022ж.](#)

[Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ, сапа туралы есеп, 2022 ж](#)

[ҰШЖ көрсеткіштерін есептеудегі номиналды сәйкессіздіктерді талдау, сапа туралы есеп, 2022 ж.](#)

[«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Ә. Нақыпбеков Тел. +7 7172 74 97 17	Орындаушы: И. Баймұратова А. Исабекова	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8
---	--	--	--

М. Әкімбек
Тел. +7 7172 74 98 46,
+7 7172 74 96 76
E-mail:
in.baimuratova@aspire.gov.kz
aig.isabekova@aspire.gov.kz
m.akimbek@aspire.gov.kz

Министрліктер Үйі,
4-кіреберіс